

"Жерлерді сақтап қою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі № 993 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 1100 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жерлерді сақтап қою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі № 993 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жерлерді сақтап қою қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жерлерді сақтап қою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, қоршаған ортаны жақсарту және халық денсаулығын қорғау мақсатында ауыл шаруашылығының тозған алқаптарын, шекті жол берілетін концентрациясы мен шекті жол берілетін әсер ету деңгейінің белгіленген нормативтерінен артық химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, сарқынды сулармен ластанған, карантиндік объектілермен, бөтен текті түрлермен және аса қауіпті зиянды организмдермен зақымданған жерлерді (бұдан әрі – бүлінген жерлер) сақтап қою, сондай-ақ ядролық қару сынақтары салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелерін алып қою тәртібін белгілейді.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Ядролық қару сынақтары салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелерін алып қою";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ядролық қару сынақтары салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жерлерді босалқы жерлердің құрамына ауыстыру туралы материалдарды тиісті облыстық атқарушы органдардың өтінішхаты бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау және атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдармен бірлесіп дайындайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жолдайды.

15. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 143-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ядролық қару сынағының салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық

сараптаманың оң қорытындысы болған кезде ядролық қару сынағының салдарын жою жөніндегі барлық іс-шаралар және кешенді экологиялық зерттеп-қарау аяқталғаннан кейін ғана жеке меншікке немесе жер пайдалануға беруі мүмкін."

2. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК